

**6D020500 мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған Кайимов Мухамеджан Абдихаликовичтің «Бұқар жырау толғауларындағы рухани-адамгершілік мәселелері және замана шындығының көркем бейнеленуі» тақырыбындағы диссертациясына**

**ШЕТ ЕЛДІК ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІСІНІҢ  
РЕЦЕНЗИЯСЫ**

Бұгінгі ұсынылып отырған диссертациялық жұмыс – қазақ әдебиеттану ғылымының рухани-адамгершілік құндылықтарын терең пайымдауға бағытталған өзекті зерттеулерінің бірі екен.

Кайимов Мухамеджан Абдихаликовичтің «Бұқар жырау толғауларындағы рухани-адамгершілік мәселелері және замана шындығының көркем бейнеленуі» атты диссертациялық еңбегі қазақ әдебиеттану ғылымындағы рухани-этикалық бағыттағы зерттеулер катарынан орын алатын, мазмұны терең, бағыты өзекті ғылымы жұмыс болып табылады. Өйткені диссертациялық жұмыста ізденуші Бұқар жыраудың шығармашылығына алғаш рет кешенді түрде зерттеу жүргізе отырып, оның толғауларындағы рухани-адамгершілік идеяларды тарихи-көркемдік және этикалық-философиялық түрғыдан талдауға тырысқан. Бұқардың жырларындағы адамгершілік қагидаттарын көне және ортағасырлық ойшылдардың дүниетанымымен сабактастыра қарастыруы – жұмыстың жаңашылдығын көрсететін маңызды тұстардың бірі.

Диссертациялық жұмыстың өзектілігі – жырау шығармаларындағы рухани бағдарларды бұгінгі күнмен байланыстыра отырып, ұлттық болмыстың өзегіне үнілуінде. Бұқар жырау толғаулары арқылы қазақ халқының дүниетанымы, моральдық өлшемдері, дәстүр мен дінге көзқарасы, хан мен қара арасындағы қарым-қатынас көркемдік түрғыда талданып, қазіргі қоғаммен мәндік үндестігі айқын көрсетілген.

Ізденушінің зерттеудегі басты мақсаты – Бұқар жырау мұрасын қазіргі қоғамдағы рухани дағдарыс пен құндылықтар өзгерісі аясында пайымдау. Осы мақсатқа жетуде ол танымдық, салыстырмалы, аналитикалық әдістерді орынды қолдана отырып, әдеби мәтінді ғана емес, сол дәуірдің тарихи-мәдени келбетін де терең ашып көрсете алған.

Еңбектің ғылыми жаңалығы ретінде Бұқар толғауларындағы философиялық ой-толғамдар, исламдық түсініктермен байланысы, көркемдік құрылымы, мифологиялық және архетиптік бейнелер жүйесі жан-жақты талданғанын атап өтуге болады. Сонымен катар, жыраулық поэзиядағы көркемдік шындық пен тарихи ақиқат арасындағы өзара байланыс, фольклорлық дәстүрдің сакталуы мен дамуы туралы тың пайымдаулар арқылы ұсынылған. Сонымен қатар Бұқар жыраудың әдеби стилі, оның философиялық көзқарастары, адамгершілік құндылықтарды жеткізу тәсілдері, сондай-ақ сол дәуірдің тарихи тұлғаларының көркем бейнелері жан-жақты қарастырылған. Бұқар толғауларындағы көтерілген елдік пен

ерлік, тәрбие мен таным, дін мен дәстүр секілді мәселелердің бүгінгі күнмен байланысын ғылыми тұрғыда тұжырымдай білуі – ізденушінің зерттеу тереңдігін аңғартады.

Жалпы алғанда, бұл еңбек тек әдебиеттану саласына ғана емес, ұлттық тәрбие, мәдениеттану, философия, әлеуметтану бағыттарына да қатысты манызды ғылыми-теориялық және практикалық маңызға ие жұмыс. Зерттеудің нәтижелері әдеби-мәдени мұраны жаңаша пайымдауға, ұлттық идея мен сана-сезімді дамытуға елеулі үлес қоса алады. Жұмыстың құрылымы жүйелі, мазмұны ғылыми талаптарға сай, тілі көркем әрі стильдік жағынан сауатты. Ізденуші Бұқар жырау шығармашылығын рухани-адамгершілік өлшемдер аясында қарастыра отырып, оны тек тарихи мұра ретінде емес, қазіргі қоғамға да бағыт-бағдар берे алатын құндылықтар жүйесі ретінде пайымдай алған.

Корытындылай келе, Кайимов Мухамеджан Абдихаликовичтің «Бұқар жырау толғауларындағы рухани-адамгершілік мәселелері және замана шындығының көркем бейнеленуі» тақырыбындағы зерттеу еңбегі бүгінгі «әдебиеттану саласындағы өзіндік үлесі бар еңбек деп танылдып, ізденуші 6D020500 мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Шетелдік кеңесші ғылыми  
ғылымдарының докторы,  
профессор:

Омонов Кудратулла Шарипович

